

Жүзбаева Ұ.Д.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: uldanai1994@mail.ru

ШЫҒЫС ЕУРОПА ТАРИХШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘЛ-ҚАЛҚАШАНДИДІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

Аңдатпа. Кіріспе. Мақала Араб Шығысының XIV–XV ғасырлардағы көрнекті ғұламасы, белгілі энциклопедияшысы Әл-Қалқашандидің өмірі мен шығармашылық жолының тарихнамалық аспектілерін зерттеуге арналған. Шығыс Еуропа елдері шығыстанушылары мен тарихшыларының еңбектеріндегі осы біртуар тұлғаның шығармашылық мұрасын зерттеудің негізгі бағыттары қарастырылады. Мақсат пен міндеттері. Шығыс Еуропа елдерінің шығыстану және тарих ғылымдарында Әл-Қалқашандидің өмірі мен шығармашылық жолын зерттеудің негізгі ерекшеліктерін анықтау. Қойылған талаптарға жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет, атап айтқанда: Әл-Қалқашандидің энциклопедияшы ретінде қалыптасуына әсер еткен факторларды зерттеу; тарихшылардың Әл-Қалқашанди шығармаларын зерттеу негізгі бағыттарын қарастыру; Әл-Қалқашанди шығармаларына деген қазіргі заманғы ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі бағаларды зерттеу. Ғылыми әдістер. Мақалада өмірбаяндық әдіс пен факторлық талдау әдістері, сондай-ақ тарихи-салыстыру әдісі қолданылған. Аталмыш әдістер қойылған мақсатқа жетуге септігін тигізеді. Нәтижелер. Бұл мәселені зерттей келе, автор Әл-Қалқашандидің шығармашылық мұрасы тарихнамада екі бағытта қолданылады деген байламға келді. Біріншіден, Әл-Қалқашандидің туындылары Таяу және Орта Шығыстың, сондай-ақ Орталық Азияның тарихы мен мәдениетін зерттеу және зерделеу үшін тарихи дереккөз ретінде. Екіншіден, Әл-Қалқашандидің еңбектері мақсатты деректанушылық зерттеудің нысанасы болып табылады. Қорытынды. Әл-Қалқашанди өмірінде болған көптеген оқиғалардың замандасы болғандықтан, оның еңбектері тек тарихнамалық қана емес, сонымен қатар деректанулық та маңызға ие.

Алғыс: Мақала AP22682863 «Әл-Қалқашандидің (XV ғ.) «Субх әл-А‘ша фи сина‘ат әл-инша» атты ғылыми жобаны орындау аясында жазылды.

Кілт сөздер: Әл-Қалқашанди, орта ғасыр авторлары, Шығыс Еуропа тарихнамасы, Ресей тарихнамасы, тарихи география, Таяу Шығыс, Мысыр тарихы

Кіріспе

Тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылық жолын тарихнамалық зерттеу ең алдымен ғылыми маңызға ие. Өйткені ғасырлар бойы сан алуан зерттеушілер белгілі бір салаға байланысты мәліметтер жинап іргелі еңбектерін жазды. Уақыт өте келе, келесі зерттеушілер бұрынғы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ғылыми жұмыстарын жалғастырды. Осыған байланысты тарихи тұлғалардың жетістіктер мен қателіктерін ескеріп, жаңсақтық жасамау үшін анда-санда аралық қорытынды шығару керек. Бұл ғылымның даму жолын және даму жолының кезңдерін айқындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан қарағанда, XIV–XV ғасырларда өмір сүрген Әл-Қалқашандидің туындылары ежелден бері Таяу және Орта Шығыс, сондай-ақ Орталық Азияны мекендеген халықтардың әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық өмірінің әртүрлі аспектілерін ашу үшін өте маңызды. Әл-Қалқашандидің шығармашылық мұрасы Алтын Орда сияқты ортағасырлық мемлекеттердің әскери-саяси тарихын зерттеу үшін пайдаланылуға міндетті әрі қажетті дереккөз болып табылады. Бұл біртуар тұлғаның энциклопедиялық еңбектері ортағасыр кезеңінде Қазақстан территориясын мекендеген әртүрлі ру-тайпалар мен осында пайда болған қалалар тарихының

реконструкциясын жасауға маңызды екендігі ешқандай күмән тудырмаса керек. Өкінішке қарай, Әл-Қалқашандидің қаламынан шыққан шығармалар қазіргі шығыстанушылар мен тарихшылардың ғылыми зерттеулерінде кеңінен пайдаланылса да, сөз болып отырған тарихнамалық аспектілер жеткіліксіз зерттелген.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында материалдар ретінде Шығыс Еуропа елдері зерттеушілерінің, негізінен Ресей ғалымдарының, Әл-Қалқашандидің өмірі мен шығармашылық жолының жекелеген аспектілерін қамтитын ғылыми еңбектері пайдаланылды. Аталмыш жұмыстарда тарихшылар Әл-Қалқашанди келтірген мәліметтердің географиялық және саяси-әкімшілік қырларына ден қояды. Әңгіме Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі (Хулагуидтік Иран, Алтын Орда және т.б.), сондай-ақ кейбір өңірлердегі (мысалы, Қырымда) елді мекендердің орналасуы немесе мемлекеттік басқару жүйесі жөнінде болып отыр. Қазіргі зерттеушілер Әл-Қалқашандидің деректеріне сүйене отырып, орта ғасыр кезеңінде Еуразияда құрылған мемлекеттердің саяси-әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық тарихындағы кейбір маңызды ашады. Осы мақалада төмендегідей ғылыми әдістер қолданылды. Ең алдымен, әңгіме *өмірбаяндық әдіс* жөнінде болып отыр. Бұл әдіс тарихи тұлғаның жеке өмірін, шығармашылық жолын зерттеуді көздейді. Түптеп келгенде осы әдіс арқылы адамның көзқарастарын, дүниетанымын, сондай-ақ солардың эволюциясын терең түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, мақалада қолданылған *факторлық талдау әдісі* арқылы белгілі бір тарихи тұлғаның ұстанымдарына әсер ететін идеологиялық, әлеуметтік, экономикалық және т.б. факторларды анықтауға жол ашады. Үшіншіден, *тарихи-салыстыру әдісі* саяси, мемлекеттік, қоғамдық, ғылыми немесе әскери қайраткердің өмір жолын басқа белгілі адамдардың қызметімен салыстыруды көздейді. Бұл әдістің арқасында тарихи кезеңге немесе дәуірге тән ерекшеліктерді көрсетуге болады.

Талқылау

Қазіргі уақытта Әл-Қалқашандидің өмірі мен шығармаларының жекелеген қырлары бірқатар зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде көрініс тапты (История татар..., 2014; Сайфетдинова, 2024; Селезнев, 2012а; Селезнев, 2012ә; Селезнев, 2015; Сидоренко, 2020; Сорогин, 2007; Тесаев, 2021; Туманян, 2004, Хотко, 2015; Храпунов, 2023, Шпулер, 2016; және т.б.). Әл-Қалқашандидің өмірі мен еңбектерінің кейбір аспектілері автордың бұрын жарық көрген мақалаларында көрініс тапқандығын айта кету жөн (Zhuzbayeva, 2025а; Zhuzbayeva, Pyassova, 2025б; Жузбаева, Ильясова, 2024). Бұл ретте тарихнамалық аспектілерді айтатын болсақ, мысал ретінде автордың түрік зерттеушілерінің ғылыми еңбектеріне арналған мақаланы келтіруге болады. Атап айтқанда, автордың түрік ғалымдарының қаламынан шыққан ғылыми еңбектеріндегі Әл-Қалқашандидің мемлекеттік және зерттеу қызметіне талдау жасау ерекше маңызға ие (Жүзбаева, Ильясова, 2026). Өйткені түрік тарихнамасындағы Әл-Қалқашандидің негізгі зерттеу бағыттары мен көзқарастарына ден қойылған мақаладан Түркия ғалымдарының ұстанымдарын мен ерекшеліктерін көру қиын емес. Белгілі бір дәрежеде қазір ұсынылып отырған мақала түрік тарихнамасына арналған мақаланың жалғасы болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

Әл-Қалқашандидің өмірі мен шығармашылық жолына арналған мәліметтер ресей зерттеушілерінің еңбектерінде келтірілгендігін айту жөн. Атап айтқанда, Т.Р. Шайхисламовтың «Мәмлүктік Мысыр – XIII–XIV ғасырлардағы араб-мұсылман мәдениетінің орталығы» (Шайхисламов, 2014) деп аталатын мақаласында орта ғасыр кезеңіндегі Араб Шығысының, соның ішінде Мысыр мен Сирияның мәдени тарихы баяндалады. Автордың пайымдауынша, «мәмлүктер өнер мен ғылымға қамқорлық пен қолдау көрсеткендіктен, XIII–

XIV ғасырлардағы Мысыр мен Сирияның мәдениеті жоғары деңгейге көтерілді. Каир қаласы ең маңызды мәдени орталыққа айналды... Сонымен бірге... моңғолдарға қарсы соғыстар дәуірінде Мысыр бүкіл әлемнің мұсылмандары үшін баспана болғандығы да маңызды. Мысырға көптеген мұсылман ғұламалары мен философтары, сондай-ақ қолөнершілер мен мұғалімдері көшіп келді... Әрине, ғұламалар және өнер иелері Мысырдың мәдени өмірінің өркендеуіне септігін тигізді. Мәмлүктер мемлекеті араб-мұсылман мәдениетінің орталығына айналды» (Шайхисламов, 2014: 485). Өзінің еңбегінде Әбү-л Фида, Әз-Заһаби, Әл-Макризиді, Ибн әл-Фурат сынды тарихшылардың сол кездегі ғылымға елеулі үлес қосқандықтарына тоқталып, Т.Р. Шайхисламов Әл-Қалқашандидің тарих ғылымы саласында жазған еңбектеріне қысқаша сипаттама берді. Мысалы, оның 14 томнан тұратын «Субһу л'Аша Фи Китабети л'Инша» атты энциклопедиялық еңбегін баяндай отырып, Әл-Қалқашандидің өмір жолына қатысты мәліметтер келтіреді. Т.Р. Шайхисламовтың айтуы бойынша, жылдар бойы мемлекеттік қызметкер ретінде жұмыс істеп, Мысырдың Александрия қаласында мұғалім болып мемлекет және құқық тарихы пәнінен дәріс берді. Бұл қалада тұрған кезінде Әл-Қалқашанди сөз болып отырған энциклопедиялық еңбегін жаза бастады. Өмір бойы жұмыс істеп ақыры 1418 жылы сол шығармасын аяқтады (Шайхисламов, 2014: 486).

А.В. Кожушконьң «XIII–XV ғасырлардағы араб тарихшылары мен энциклопедияшыларының шығармаларындағы моңғолдардың этнонимиясы» (Кожушко, 2014) деп аталатын еңбегі XIII ғасырдан бастап моңғолдар туралы жазған авторлардың туындыларындағы «татарлар» этнониміне арналған. Зерттеушінің айтуы бойынша Таяу Шығыста моңғолдардың экзоэтнонимі ретінде «татар» этнонимі к. Бірақ авторлардың еңбектерінде бұл этнонимнің әртүрлі нұсқалары кездесе береді. Атап айтқанда, бір топ авторлар (мысалы, Сибт ибн әл-Жаузи, Ибн Уәсіл, Әбү-л Фида) осы этнонимді «ат-т.т.р» деп берсе, Әл-Қалқашанди және Әз-Заһаби, Ән-Нувайри сынды авторлар соны «ат-т.тар» нұсқасын пайдаланған (Кожушко, 2014: 30).

Әл-Қалқашандидің қаламынан шыққан туындылар Т.М. Калининаның «Араб жазушыларының Алтын Орда кезеңіндегі Қырым қалалары туралы ой-пікірлері» деп аталатын жұмысында да айқын көрініс тапты. Ең алдымен Т.М. Калинина Әл-Қалқашандидің «Субһу л'Аша Фи Китабети л'Инша» (Калинина, 2017) атты еңбегіне қысқаша сипаттама береді. Оның пайымдауынша, 1389–1418 жылдар аралығында өзінің 14 томнан тұратын еңбегін жазғанда Әл-Қалқашанди көбінесе белгілі автор Әбү-л Фида келтіріген мәліметтерге сүйеніп отырса да, мазмұнамасы мен құрылымын басқаша жасады. Еңбегін жазу барысында Әл-Қалқашанди Мысыр мен Сирия, сондай-ақ осы елдермен тығыз саяси және әкімшілік байланыста болған мемлекеттерге қатысты әртүрлі ақпараттар келтіреді. Мысалы, оның көлемді туындысында сан алуан географиялық мәліметтер кездесе береді. Жалпы алғанда, Т.М. Калинина Әл-Қалқашандидің сөз болып отырған «әбден құрметтеуге лайық» шығармасына жоғары баға беріп, оның басқа араб авторларынан гөрі жақсы жағы бар деген қорытынды шығарады. Атап айтқанда, Әл-Қалқашанди ежелгі деректерді пайдалана отырып, сол ақпаратты қай авторлардың (мысалы, Әбү-л Фида, Ибн Са'ид әл-Магриби және т.б.) еңбектерінен алғандығын нақты түрде көрсетеді (Калинина, 2017: 392). Т.М. Калинина Әл-Қалқашандидің негізінен Әбү-л Фиданың мәліметтеріне сүйенгендігін айтып, оның еңбегінде өзі жинаған материалдары да бар екендігіне ерекше назар аударады. Мысал ретінде зерттеуші Әл-Қалқашандидің Каир елшілерінің 500 дирхем төлеп Солхат пен Кафа арқылы атамекеніне оралуына байланысты ақпаратын келтіреді (Калинина, 2017: 393).

Әл-Қалқашандидің Орта Шығыс пен Орталық Азия тарихына қосқан үлесін Л.Ф. Абзалов, М.С. Гатин, И.А. Мустакимов және Р.Ю. Почекаев жазған «Дәстүр әл-Кәтиб» мемлекет тарихы, Алтын Орданың құқығы мен кеңсе мәдениеті жөніндегі дереккөз ретінде (Ұлыс әмірін тағайындау жарлығы мысалында)» (Абзалов, Гатин, Мустакимов, Почекаев, 2022) атты мақаладан көруге болады. Бұл 2022 жылы жарияланған мақалада авторлар Әл-Қалқашанди қаламынан шыққан туындыларды талдай отырып, зерттеушілер Алтын Орданың

мемлекеттік құрылымы мен құқықтық жүйесіне, сондай-ақ іс қағаздарына нақты сипаттама береді. Атап айтқанда, Алтын Орданың ұланғайыр территориясы он аймаққа бөлінген. Өл-Қалқашанди сол аймақтардың атауларын келтіріп, бұлардың ішкі әкімшілік құрылымының ерекшеліктерін талдауға көңіл бөледі (Абзалов, Гатин, Мустакимов, Почекаев, 2022: 788). Сонымен бірге Өл-Қалқашанди Хулагуид мемлекеті мен Жошы Ұлысының әкімшілік құрылымындағы ұқсастық бар екендігіне назар аударады (Абзалов, Гатин, Мустакимов, Почекаев, 2022: 789–790).

Өл-Қалқашанди шығармашылық жолының кейбір аспектілері И.В. Волковтың «Укекке қатысты кейбір картографиялық және нарративтік деректер» (Волков, 2022) атты мақаласында зерттеледі. Жалпы алғанда, бұл мақала негізінен Алтын Орданың Укек қаласының нақты қай территорияда орналасқандығы мәселесіне арналған. Өйткені кейбір зерттеушілер Укектің Азау теңізі аймағында, ал олардың кейбіреулері оның Еділ өзеңінің аңғарында орналасқан деп ойлайды. Сонымен бірге мақалада Өл-Қалқашандидің есімі аталғандың да көруге болады. Мысалы, И.В. Волков Ибн-Баттута келтірген деректерде Укек қаласына байланысты ақпараттарға сүйене отырып, аталмыш қала Азау теңізі өңірінде орналасқан деген қорытынды шығарады. Бұл ретте И.В. Волков Ибн-Баттутаның Өл-Қалқашандиге сілтеме жасағандығына назар аударып, бұл жайтқа ерекше мән береді. Оның айтуынша, Өл-Қалқашанди келтірген мәліметтер толық сенуге болады, өйткені «Каирде орналасқан мемлекеттік басқару органдарындағы хатшы болып жұмыс істеп, іс қағаздарын жүргізу саласында ол (Өл-Қалқашанди. – Ұ.Ж.) өте білгір әрі тәжірибелі адам болды...» (Волков, 2022: 237). Өл-Қалқашандиге қарағанда, Укек астанасы Солхат болған Қырым ұлысында орналасты (Волков, 2022: 237).

Израильдік тарихшы Голда Ахизер мен ресейлік зерттеуші М.Г. Крамаровский бірігіп жазған «Археологиялық және жазбаша деректер бойынша орта ғасыр кезеңіндегі Солхаттағы еврейлер» (Ахизер Голда, Крамаровский, 2023) атты мақалада Өл-Қалқашанди еңбектерінен мәліметтер келтіріледі. Атап айтқанда, Қырым түбегінде орналасқан Солхат «далалық қаласын» («steppной город») (Ахизер Голда, Крамаровский, 2023: 81) сөз еткенде, авторлар былай жазды: «Солхаттың қала ретінде алғаш рет айтылуы 1286 жылға жатады. Қырық жеті жылдан кейін, 1333–1344 жылдары араб саяхатшысы Ибн Баттута оны «үлкен және әдемі» деген эпитеттермен «Кирам қаласы» деп атайды. XIV ғасырдың екінші жартысының авторы, мысырлық Өл-Қалқашанди (1355–1418) Солхатты/Қырымды Алтын Орданың оң қанатының астанасы ретінде сипаттайды» (Ахизер Голда, Крамаровский, 2023: 82). Ресейлік тарихшы С.Н. Алнаддафтың «Орта ғасыр кезеңіндегі мұсылмандардың Еуропа тұрғындарына деген көзқарастарының қалыптасуы» (Алнаддаф, 2020) деп аталатын еңбегінде де Өл-Қалқашандидің шығармалары құнды тарихи дерек ретінде пайдаланылады. Мысалы, «Өл-Қалқашанди өзінің энциклопедиясында... Ибн Саид, әл-Идриси, Әбу әл-Фида және т.б. келтірген Еуропа туралы мәліметтерге сүйенеді. Ол Португалия Корольдігі, Барселона Корольдігі, Кипр, Родос, Орактиш, Сицилия және басқа да Жерорта теңізі аралдары туралы айтады» (Алнаддаф, 2020: 61).

Өл-Қалқашанди қаламынан шыққан туындылардағы мәліметтер Э.И. Сейдалиевтің «Мангупта орналасқан XIV ғасырға жататын ғимараттық жазулардағы «гекатонтархтар»: Алтын Орданың тарихына экскурс» (Сейдалиев, 2017) еңбегінде кездеседі. Мысалы, орта ғасыр кезеңінде Қырымдағы әскери қосындарды сөз еткенде, автор төмендегідей ақпарат келтіреді: «Өл-Қалқашанди (1355–1418) XIV ғасырдың екінші жартысында Қырым ұлысында үш түменнің бар екендігін алға тартады. Олардың әрқайсысы теориялық тұрғыдан он мың сарбазды шақыра алатын. Осы аудандардың бірі түбектің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан «Ас елі» болды; Феодоро аумағы осы түменнің құрамында болса керек» (Сейдалиев, 2017: 382).

Орта ғасыр кезеңіндегі мұсылман авторларының шығармашылық мұрасын Шығыс Еуропадағы басқа елдердің де ғалымдары зерттегендігін айта кету жөн. Мысал ретінде

Молдова зерттеушілері Г.И. Постикэ мен Л.В. Бакуменко-Пырнэудың 2020 жылы жарық көрген «Шаһар әл-Жәдиттің (Орхейул век – Ескі Орхей, Молдова Республикасы) шойын қазандары» (Постикэ, Бакуменко-Пырнэу, 2020) атты еңбегін келтіруге болады. Атап айтқанда, Молдова астанасынан 60 шақырымдық жерде орналасқан тарихи-археологиялық кешенді зерттеу барысында, авторлар сол территорияда тамақ дайындауға арналған шойын қазандардың табылғандығын жазады. Г.И. Постикэ мен Л.В. Бакуменко-Пырнэудың пайымдауынша, бұл жайтты аймақтың саяси тарихындағы кейбір саяси-әскери оқиғалармен түсіндіруге болады. Бұл ретте энциклопедияшының мәліметтерін пайдалана отырып, зерттеушілер моңғол кезеңіндегі жауынгердің қару-жарағы мен сауыт-сайманына назар аударады. Атап айтқанда, Әл-Қалқашанди жинаған мәліметтерге сүйене отырып, авторлар төмендегідей мысал келтіреді: «Осы тұрғыдан қарағанда ортағасырлық авторлардың, мысалы, әрбір моңғол жауынгері әскери жорықтарға жақсы жабдықталған болып қатысуға тиіс, оның жанында екі қызметшісі, 30 қойы, 5 жылқысы, 2 мыс қазаны және әскери құрал-жабдықтарды тасымалдауға арналған арбасы болуы керек деп жазған араб энциклопедияшысы Әл-Қалқашандидің ақпараттары қызығушылық тудырады...» (Постикэ, Бакуменко-Пырнэу, 2020: 192).

Молдованың зерттеушісі Р.А. Рабиновичтің «Волох жаңғағымен» алдану, немесе Балкан түбегіндегі «волохтар» мен орыс «волхвтары» (Рабинович, 2000) деп аталатын монографиясы орта ғасыр кезеңіндегі Молдова мен Румынияның территориясындағы этникалық жағдайы талданады. Атап айтқанда, осы еңбекте Әл-Қалқашанди келтірген мәліметтер, соның ішінде Константинопольден солтүстікке қарай орналасқан территорияларды мекендеген халықтар мен елдер («саклабтар», Новгород жері, Вятка жері және т.б.) тізімі, пайдаланылды (Рабинович, 2000: 301). Жалпы алғанда, осы монографияда Әл-Қалқашандидің туындысы құнды дереккөз ретінде пайдаланылды.

Әл-Қалқашандидің Еуразияның далалық аймағының тарихына байланысты мәліметтер румын ғалымы В. Спинеидің «Алтын Орданың Валахия мен Молдавиядағы үстемдігі» (Спинеи, 2016) атты жұмысында көрініс табады. Әл-Қалқашандидің сол кездегі Таяу Шығыс пен Орталық Азия өңірлеріндегі әскери-саяси жағдайды жақсы білун атап өтіп, В. Спинеи төмендегідей жайтқа ерекше назар аударады: «Мамлүк сұлтандығынан шыққан отандастарынан басқа да ақпарат көздеріне ие болғандықтан, Ахмад әл-Қалқашанди (1355/1356–1418) моңғол иеліктерінің қатарына «Хорезм, Дәшті Қыпшақ, хазарлардың, Қырым татарларының, азақ, черкес, болгар, влах, ас және орыстардың жерлерін» жатқызады» (Спинеи, 2016).

1998 жылы А.Г. Недвецкийдің «Мәмлүктік Мысырдағы барлау және қарсы барлау қызметі (Әл-Қалқашандидің энциклопедиясы бойынша)» (Недвецкий, 1998) жарияланды. Осы мақалада әңгіме Әл-Қалқашандидің «Субһу л'Аша Фи Китабети л'Инша» деп аталатын энциклопедиялық еңбек жөнінде болып отыр. Өзінің мақаласында ең алдымен А.Г. Недвецкий аталмыш туындыға байланысты мәліметтер келтіреді. Оның айтуынша, осы 14 томнан тұратын шығарма шамамен 1412 жылы аяқталған. Бұл мемлекеттік кеңсе қызметкерлеріне арналған «әмбебап жинақ әрі оқу құралы» тарих, география, іс қағаздары, сыртқы саясат және т.б. салаларға қатысы бар әртүрлі ақпараттарды қамтиды. Сонымен бірге, жай ғана мәліметтер келтірумен шектелмей-ақ, Әл-Қалқашанди Мысырдың мемлекеттік мұрағатынан алынған құнды құжаттар мен хаттар үлгілерін береді (Недвецкий, 1998: 233). Жалпы алғанда, А.Г. Недвецкийдің осы жұмысы ерекше маңызға ие. Егер басқа көптеген зерттеушілердің ғылыми мақалаларында Әл-Қалқашанди туындысындағы мәліметтер дерек ретінде пайдаланылса, А.Г. Недвецкийдің еңбегі нақты тақырыпқа арналады. Әңгіме Мәмлүктер мемлекетіндегі барлау және қарсы барлау қызметі жөнінде болып отыр. Атап айтқанда, автор аталмыш қызметке тікелей қатысты сан алуан ақпараттар (соның ішінде мәліметтерді жинап талдау, барлаушылармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері, ресми жазысу ісінде құпия сақтау және т.б.) келтіреді. Мысал ретінде барлаушыға қойылатын кәсіби талаптарды келтіруге болады. Атап

айтқанда, Әл-Қалқашанди барлаушының төмендегідей қасиеттеріне ерекше мән береді: барлаушы басқа бір мемлекетте мәліметтер жинағанда, ақпарат жинаудың әдіс-тәсілдерін және сол елдің тілін жақсы меңгеруге, шетел тұрғындардың әдеп-ғұрыптарын білуге тиіс. Соным бірге саяхатқа шығу тәжірибесі болу керек. Сонымен қатар, барлаушыға тән жеке қасиеттерді атап өткенде Әл-Қалқашанди ептілік, пысықтық, төзімділік сияқты қасиеттерге ерекше мән береді (Недвецкий, 1998: 234).

В.А. Ивановтың «Ортағасырлық авторлардың шығармаларындағы Алтын Орданың географиясы» (Иванов, 2025) деген мақаласында Әл-Қалқашандидің еңбектеріне қысқаша мазмұндама берілген. Атап айтқанда, бұл мақалада осы мәселеге бір абзац арналған. Әл-Қалқашандидің «Субһу л'Аша Фи Китабети л'Инша» атты еңбегін талдай отырып, В.А. Иванов аталмыш туынды «XIV ғасырға жататын бұрынғы нарративтерден құрастырылған нарратив» («нарратив, скомпилированный из более ранних нарративов XIV в.») (Иванов, 2025: 94) деп сипаттайды. Бірақ зерттеушінің айтуы бойынша, Әл-Қалқашанди жалпы алғанда соны өзі де мойындайды: «Автордың өзі мұны өз шығармаларында үнемі атап өтеді» (Иванов, 2025: 94). В.А. Иванов төмендегідей қорытынды шығарады: «Әл-Қалқашанди өзінің алдындағылармен, яғни XIV ғасырдағы нарративистермен салыстырғанда Алтын Орда географиясын сипаттауға түбегейлі жаңа ештеңе қосқан жоқ. Мүмкін, көптеген бурджан (әл-Бурджан) халықтары мекендеген Маңғышлақ (Ксла) деп аталатын дөңгелек жер туралы айтылғаннан басқа» (Иванов, 2025: 94).

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген материалға сүйене отырып, келесі қорытындылар шығаруға болады. Біріншіден, Осылайша, шығыстанушылар мен тарихшылардың көптеген ғылыми еңбектерінде Әл-Қалқашандидің шығармалары құнды тарихи дереккөз ретінде пайдаланылады. Яғни зерттеушілер Таяу және Орта Шығыс, сондай-ақ Орталық Азия (соның ішінде Алтын Орданың) тарихы мен мәдениетін зерттегенде Әл-Қалқашандидің қаламынан шыққан туындылардан тиісті фактілер мен дәйексөз келтіреді. Бұл шығыстану және тарих саласындағы кейбір даулы мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Екіншіден, қазіргі Шығыс Еуропаның тарихнамасында авторлар Әл-Қалқашандидің өмірі мен шығармашылық жолын зерттегенде оның еңбектерімен ғана шектелмей-ақ, оған әсер еткен әлеуметтік ортаға да ерекше назар аударады. Сонымен бірге зерттеушілер сол кезеңдегі, мысалы, Мәмлүктер мемлекеті кезеңіндегі үкіметтің ғылым мен өнер салаларындағы саясатына көңіл бөледі. Сондықтан да мәмлүктік Мысыр Таяу Шығыстағы ғылым мен мәдениет орталығына айналды. Үшіншіден, Шығыс Еуропа елдері ғалымдарының тарих саласындағы зерттеулерінде Әл-Қалқашандидің туындылары құнды тарихи дереккөз ретінде пайдаланылады. Өйткені оның шығармаларында Таяу және Орта Шығыс, Орталық Азия, Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы өңірлер жөнінде әртүрлі географиялық мәліметтер келтіріледі.

Әдебиеттер:

Абзалов, Гатин, Мустакимов, Почекаев, 2022 – *Абзалов Л.Ф., Гатин М.С., Мустакимов И.А., Почекаев Р.Ю.* «Дастур ал-Катиб» как источник по истории государства, права и канцелярской культуры Золотой Орды (на примере ярлыка о назначении эмира Улуса) // *ЗО.* 2022. 10 (4). С. 770–798.

Алнаддаф, 2020 – *Алнаддаф С.Н.* Формирование взглядов мусульман на жителей Европы в Средние века // *ИПЕ.* 2020. № 1. С. 57–65.

Ахиезер Голда, Крамаровский, 2023 – *Ахиезер Голда, Крамаровский М.Г.* Еврейские общины средневекового Солхата по археологическим и рукописным источникам: историко-культурные аспекты // *ЗО.* 2023. 11 (1). С. 79–108.

Волков, 2022 – *Волков И.В.* Некоторые картографические и нарративные источники об Укеке // АЕС. 2022. № 3. С. 204–242.

Жузбаева, Ильясова, 2024 – *Жузбаева Ұ.Д., Ильясова З.С.* Труд Аль-Калкашанди (XV в.) «Субх аль-Аша фи Синаат аль-Инша» как источник исторической географии Золотой Орды // ВКНУ. 2024. № 3 (114). С. 50–65.

Жүзбаева, Ильясова, 2026 – *Жузбаева Ұ.Д., Ильясова З.С.* Түрік зерттеушілерінің еңбектеріндегі Әл-Қалқашанди және оның шығармалары // Қазақстан шығыстануы. 2026. № 2. 18-т. 176–186.

Иванов, 2025 – *Иванов В.А.* География Золотой Орды в изложении средневековых авторов // ЗО. 2025. Т. 13. № 1. С. 84–100.

История татар..., 2014 – История татар с древнейших времен в семи томах. Т. IV Татарские государства XV–XVIII вв. Казань, 2014. 1112 с.

Калинина, 2017 – *Калинина Т.М.* Арабские писатели о городах Крыма золотоордынского периода // МАИЭТ. 2017. № 22. С. 388–398.

Кожушко, 2014 – *Кожушко А.В.* Этнонимия монголов в сочинениях арабских историков и энциклопедистов XIII–XV вв. // Вестник ДГУ. 2014. Вып. 4. С. 28–33.

Недвецкий, 1998 – *Недвецкий А.Г.* Разведка и контрразведка в Мамлюкском Египте (по энциклопедии ал-Калкашанди) // Страны Ближнего Востока (актуальные проблемы современности и истории). Москва, 1998. С. 231–243.

Очерки истории..., 2022 – Очерки истории политических и правовых институтов тюркских народов: сборник научных статей / Под ред. д.ю.н., проф. А.А. Васильева; Министерство науки и высшего образования РФ, Алтайский государственный университет. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2022. 190 с.

Постикэ, Бакуменко-Пырнэу, 2020 – *Постикэ Г.И., Бакуменко-Пырнэу Л.В.* Чугунные котлы Шехр ал-Джедида (Орхейул векь – Старый Орхей, Республика Молдова) // ПА. 2020. № 2 (32). С. 181–199.

Рабинович, 2000 – *Рабинович Р.А.* Искушение «волошским орехом», или Балканские волохи и русские волхвы // SP. 2000. № 5. С. 262–390.

Сайфетдинова, 2024 – *Сайфетдинова Э.Г.* Города Золотой Орды на страницах средневековых арабских сочинений // АЕС. 2024. № 2. С. 158–163.

Сейдалиев, 2017 – *Сейдалиев Э. И.* «Гекатонтархи» в Мангупских строительных надписях XIV в.: золотоордынский экскурс // МАИЭТ. 2017. Вып. XXII. С. 378–387.

Селезнев, 2012а – *Селезнев Н.Н.* Интерпретации происхождения названия «яковиты» у средневековых арабоязычных египетских авторов // Вестник РГГУ. 2012. № 20. С. 153–168.

Селезнев, 2012б – *Селезнев Н.Н.* Средневековый восточнохристианский экуменизм как следствие исламского универсализма // ФЖ. 2012. № 1. С. 77–85.

Селезнев, 2015 – *Селезнев Н.Н.* История экуменизма: забытый ранний этап // ГРЦ. 2015. № 2 (33). С. 161–181.

Сидоренко, 2020 – *Сидоренко В.А.* Принятие религии ислама Золотой Ордой и начальный этап дипломатических отношений между Берке и Бейбарсом по документальным сведениям Абд аз-Захира // МАИЭТ. 2020. Вып. XXV. С. 513–559.

Сорогин, 2007 – *Сорогин Е.И.* Причины «Великой замятни» как общего кризиса высокоразвитого кочевого общества // СР: НОК. № 2 (16). С. 91–100.

Спинеи, 2016 – *Спинеи В.* Господство Золотой Орды в Валахии и Молдавии // ЗО. 2016. Т. 4, № 4. С. 734–766.

Тесаев, 2021 – *Тесаев З.А.* «Вилаят Чачан» по данным хроники «История Гирейхана» (XV в.) // Genesis: исторические исследования. 2021. С. 53–67.

Туманян, 2004 – *Туманян Т.Г.* Абу-л-Хасан ал-Маварди – мусульманский теоретик политической практики // Вестник СПбУ. 2004. Сер. 6. Вып. 4. С. 99–104.

Хотко, 2015 – *Хотко С.Х.* Геополитические и этнокультурные причины вовлечения населения Северного Причерноморья в мобилизационную систему египетских мамлюков // Вестник АГУ. 2015. Вып. 4 (167). С. 61–67.

Храпунов, 2023 – *Храпунов Н.И.* О названиях поздневизантийского и поствизантийского Херсона // МАИЭТ. 2023. № 28. С. 519–539.

Шайхисламов, 2014 – *Шайхисламов Т.Р.* Мамлюкский Египет – центр арабо-мусульманской культуры XIII–XIV вв. // РГЖ. 2014. Т. 3. № 6. С. 485–488.

Шпулер, 2016 – *Шпулер Б.* Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг. / Пер. с немец. яз. и коммент. М.С. Гатина. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. 500 с.

Zhuzbayeva, 2025a – *Zhuzbayeva U.D.* Comparative analysis of geographical information in Subh al-Asha and other sources of the era // ҚШ. 2025. № 1. Т.13. С. 272–284.

Zhuzbayeva, Ilyassova, 2025b – *Zhuzbayeva U.D., Ilyassova Z.S.* Methods of description of cities and regions in «Subh al-Asha» and their significance for historical geography // KNU. BH. 2025. № 2 (117). P. 102–112.

References:

Abzalov, Gatin, Mustakimov, Pochekaev, 2022 – *Abzalov L.F., Gatin M.S., Mustakimov I.A., Pochekaev R.Iu.* «DasRus al-Katib» kak istochnik po istorii gosudarstva, prava i kantseliarskoi kulRusy Zolotoi Ordy (na primere iarlyka o naznachenii emira Ulusa) [«DasRus al-Katib» as a source on the history of the state, law and office culRuse of the Golden Horde (using the example of the yarlyk on the appointment of the emir of Ulus)] // ZO. 2022. 10 (4). P. 770–798. (in Rus)

Alnaddaf, 2020 – *Alnaddaf S.N.* Formirovanie vzgliadov musulman na zhitelei Evropy v Srednie veka [The Formation of Muslim Views of Europeans in the Middle Ages] // IPE. 2020. № 1. P. 57–65. (in Rus)

Akhiezer Golda, Kramarovskii, 2023 – *Akhiezer Golda, Kramarovskii M.G.* Evreiskie obshchiny srednevekovogo Solkhata po arkheologicheskim i rukopisnym istochnikam: istoriko-kulRusnye aspekty [Jewish communities of medieval Solkhat according to archaeological and manuscript sources: historical and culRusal aspects] // ZO. 2023. 11 (1). P. 79–108. (in Rus)

Volkov, 2022 – *Volkov I.V.* Nekotorye kartograficheskie i narrativnye istochniki ob Ukeke [Some cartographic and narrative sources about Ukek] // AES. 2022. № 3. P. 204–242. (in Rus)

Zhuzbaeva, Iliasova, 2024 – *Zhuzbaeva U.D., Iliasova Z.S.* Trud Al-Kalkashandi (XV v.) «Subkh al-Asha fi Sinaat al-Insha» kak istochnik istoricheskoi geografii Zolotoi Ordy [Trud Al-Kalkashandi (XV v.) «Subkh al-Asha fi Sinaat al-Insha» kak istochnik istoricheskoi geografii Zolotoi Ordy] // VKNU. 2024. № 3 (114). P. 50–65. (in Rus)

Zhuzbaeva, Iliasova, 2026 – *Zhuzbaeva U.D., Iliasova Z.S.* Turik zertteushilerinin enbekterindegi Al-Qalqashandi zhane onyn shygarmalary [Al-Qalqashandi and his works in the works of Ruskish researchers] // Qazaqstan shygystanuy. 2026. № 2. 18-t. P. 176–186. (in Rus)

Ivanov, 2025 – *Ivanov V.A.* Geografiia Zolotoi Ordy v izlozhenii srednevekovykh avtorov [Geography of the Golden Horde as Described by Medieval Authors] // ZO. 2025. Т. 13. № 1. P. 84–100. (in Rus)

Istoriia tatar..., 2014 – *Istoriia tatar s drevneishikh vremen v semi tomakh. T. IV Tatarskie gosudarstva XV–XVIII vv. [History of the Tatars from Ancient Times in Semi-Volumes. Vol. IV Tatar States of the 15th–18th CenRusies.].* Kazan, 2014. 1112 p. (in Rus)

Kalinina, 2017 – *Kalinina T.M.* Arabskie pisateli o gorodakh Kryma zolotoordynskogo perioda [Arab writers on the cities of Crimea during the Golden Horde period] // MAIET. 2017. № 22. P. 388–398. (in Rus)

Kozhushko, 2014 – *Kozhushko A.V.* Etnonimiia mongolov v sochineniiakh arabskikh istorikov i entsiklopedistov XIII–XV vv. [Ethnonomy of the Mongols in the Works of Arab Historians and Encyclopedists of the 13th–15th CenRusies] // *Vestnik DGU*. 2014. Vyp. 4. P. 28–33. (in Rus)

Nedvetskii, 1998 – *Nedvetskii A.G.* Razvedka i kontrazvedka v Mamliuvskom Egipte (po entsiklopedii al-Kalkashandi) [Intelligence and counterintelligence in Mamliuk Egypt (according to the entsiklopedii al-Kalkashandi)] // *Strany Blizhnego Vostoka (aktualnye problemy sovremennosti i istorii)*. Moskva, 1998. P. 231–243. (in Rus)

Ocherki istorii..., 2022 – *Ocherki istorii politicheskikh i pravovykh institutov tiurkskikh narodov: sbornik nauchnykh statei* [Essays on the history of political and legal institutions of the Tiurkic peoples: a collection of scientific papers] / Pod red. d.iu.n., prof. A.A. Vasileva; Ministerstvo nauki i vysshego obrazovaniia RF, Altaiskii gosudarstvennyi universitet. Barnaul: Izd-vo Alt. un-ta, 2022. 190 p. (in Rus)

Postike, Bakumenko-Pyrneu, 2020 – *Postike G.I., Bakumenko-Pyrneu L.V.* Chugunnye kotly Shekhr al-Dzhedida (Orkheiul vek – Staryi Orkhei, Respublika Moldova) [Cast iron boilers Shehr al-Jedida (Orheiul vek - Old Orhei, Republic of Moldova)] // *PA*. 2020. № 2 (32). P. 181–199. (in Rus)

Rabinovich, 2000 – *Rabinovich R.A.* Iskushenie «voloshskim orekhom», ili Balkanskii volokhi i russkie volkhvy [The Temptation of the «Volosh Nut», or Balkan Volchs and Russian Magi] // *SR*. 2000. № 5. P. 262–390. (in Rus)

Saifetdinova, 2024 – *Saifetdinova E.G.* Goroda Zolotoi Ordy na stranitsakh srednevekovykh arabskikh sochinenii [Cities of the Golden Horde in the pages of medieval Arabic writings] // *AES*. 2024. № 2. P. 158–163. (in Rus)

Seidaliyev, 2017 – *Seidaliyev E.I.* «Gekatonarkhi» v Mangupskikh stroitelnykh nadpisiakh XIV v.: zolotoordynskii ekskurs [Hecatonarchi in Mangup building inscriptions of the 14th cenRusy: Golden Horde excursion] // *MAIET*. 2017. Vyp. XVII. P. 378–387. (in Rus)

Seleznev, 2012a – *Seleznev N.N.* Interpretatsii proiskhozhdeniia nazvaniia «iakovity» u srednevekovykh araboiazychnykh egipetskikh avtorov [Interpretations of the origin of the name «Jacobity» among medieval Arabic-speaking Egyptian authors] // *Vestnik RGGU*. 2012. № 20. P. 153–168. (in Rus)

Seleznev, 2012b – *Seleznev N.N.* Srednevekovyi vostochnokhristianskii ekumenizm kak sledstvie islamskogo universalizma [Medieval Eastern Christian Ecumenism as a Consequence of Islamic Universalism] // *FZh*. 2012. № 1. P. 77–85. (in Rus)

Seleznev, 2015 – *Seleznev N.N.* Istoriia ekumenizma: zabytyi rannii etap [Istoriia ekumenizma: zabytyi rannii etap] // *GRTs*. 2015. № 2 (33). P. 161–181. (in Rus)

Sidorenko, 2020 – *Sidorenko V.A.* Priniatie religii islama Zolotoi Ordoi i nachalnyi etap diplomaticheskikh otnoshenii mezhdu Berke i Beibarsom po dokumentalnym svedeniiam Abd az-Zakhira [The adoption of the Islamic religion by the Golden Horde and the initial stage of diplomatic relations between Berke and Beibars according to the documentary evidence of Abd az-Zahir] // *MAIET*. 2020. Vyp. XXV. P. 513–559. (in Rus)

Sorogin, 2007 – *Sorogin E.I.* Prichiny «Velikoi zamatni» kak obshchego krizisa vysokorazvitogo kochevogo obshchestva [The Causes of the Great Meatball as a General Crisis of a Highly Developed Nomadic Society] // *SR: NOK*. № 2 (16). P. 91–100. (in Rus)

Spinei, 2016 – *Spinei V.* Gospodstvo Zolotoi Ordy v Valakhii i Moldavii [The Causes of the Great Meatball as a General Crisis of a Highly Developed Nomadic Society] // *ZO*. 2016. T. 4, № 4. P. 734–766. (in Rus)

Tesaev, 2021 – *Tesaev Z.A.* «Vilaiat Chachan» po dannym khroniki «Istoriia Gireikhana» (XV v.) [«Vilaiat Chachan» according to the chronicle «History of Gireikhan» (15th cenRusy)] // *Genesis: istoricheskie issledovaniia*. 2021. P. 53–67. (in Rus)

Tumanian, 2004 – *Tumanian T.G.* Abu-l-Khasan al-Mavardi – musulmanskii teoretik politicheskoi praktiki [Abu-l-Khasan al-Mavardi – Muslim theorist of political practice] // *Vestnik SPbU*. 2004. Ser. 6. Vyp. 4. P. 99–104. (in Rus)

Khotko, 2015 – *Khotko S.Kh.* Geopoliticheskie i etnokulRusnye prichiny vovlecheniia naseleniia Severnogo Prichernomia v mobilizatsionnuu sistem u egipetskikh mamliukov [Geopolitical and ethnoculRusal reasons for the involvement of the population of the Northern Black Sea region in the mobilization system of the Egyptian Mamluks] // Vestnik AGU. 2015. Vyp. 4 (167). P. 61–67. (in Rus)

Khrapunov, 2023 – *Khrapunov N.I.* O nazvaniiaKh pozdnevizantiiskogo i postvizantiiskogo Khersona [On the names of late Byzantine and post-Byzantine Kherson] // MAIET. 2023. № 28. P. 519–539.

Shaikhislamov, 2014 – *Shaikhislamov T.R.* Mamliukskii Egipet – tsentr arabo-musulmanskoii kulRusy XIII–XIV vv. [Mamluk Egypt is the center of Arab-Muslim culRuse in the 13th–14th cenRusies] // RGZh. 2014. T. 3. № 6. P. 485–488. (in Rus)

Shpuler, 2016 – *Shpuler B.* Zolotaia Orda. Mongoly v Rossii. 1223–1502 gg. [Golden Horde. Mongols in Russia. 1223–1502.] / Per. s nemets. iaz. i komment. M.S. Gatina. Kazan: Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2016. 500 p. (in Rus)

Zhuzbayeva, 2025a – *Zhuzbayeva U.D.* Comparative analysis of geographical information in Subh al-Asha and other sources of the era // Qsazaqstan Sgygustanuy. 2025. № 1. T.13. C. 272–284.

Zhuzbayeva, Ilyassova, 2025b – *Zhuzbayeva U.D., Ilyassova Z.S.* Methods of description of cities and regions in «Subh al-Asha» and their significance for historical geography // KNU. BH. 2025. № 2 (117). P. 102–112.

Жузбаева У.Д.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: uldanai1994@mail.ru

ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСКИЙ ПУТЬ АЛЬ-КАЛКАШАНДИ В ИССЛЕДОВАНИЯХ ИСТОРИКОВ СТРАН ВОСТОЧНОЙ ЕВРОПЫ

Аннотация. Введение. Статья посвящена изучению историографических аспектов жизни и творческого пути видного исследователя, известного энциклопедиста Арабского Востока XIV–XV вв. Аль-Калкашанди. Рассматриваются основные направления изучения творческого наследия этой выдающейся личности в работах востоковедов и историков стран Восточной Европы. Цели и задачи. Цель статьи – выявить основные особенности изучения жизненного и творческого пути Аль-Калкашанди в востоковедческой и исторической науках стран Восточной Европы. Для достижения поставленной цели необходимо решить следующие задачи, а именно: изучить факторы, повлиявшие на становление Аль-Калкашанди как энциклопедиста; рассмотреть основные направления исследований историков, посвященных трудам Аль-Калкашанди; изучить оценки трудов Аль-Калкашанди в научных трудах современных ученых. Научные методы. В статье используются биографический и историко-сравнительный методы, а также метод факторного анализа. Указанные методы способствуют достижению поставленной цели. Результаты. В результате изучения данного вопроса автор приходит к выводу о том, что в историографии творческое наследие Аль-Калкашанди используется в двух направлениях. Во-первых, произведения Аль-Калкашанди как исторический источник для изучения и осмысления истории и культуры Ближнего и Среднего Востока, а также Центральной Азии. Во-вторых, произведения Аль-Калкашанди являются объектом целенаправленного источниковедческого исследования. Выводы. Поскольку Аль-Калкашанди является современником многих происходивших при его жизни событий, его сочинения имеют не только историографическое, но и источниковедческое значение.

Благодарность: Данная статья написана в рамках выполнения научного проекта AP22682863 «Труд аль-Калкашанди (XV в.) “Субх аль-аша фи сина’ат аль-инша” как источник исторической географии Золотой Орды».

Ключевые слова: Аль-Калкашанди, средневековые авторы, историография Восточной Европы, российская историография, историческая география, Ближний Восток, история Египта.

Zhuzbayeva U.

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: uldanai1994@mail.ru

LIFE AND CREATIVE CAREER OF AL-QALQASHANDI IN THE RESEARCH OF HISTORIANS OF EASTERN EUROPEAN COUNTRIES

Annotation. Introduction. This article examines the historiographical aspects of the life and career of Al-Qalqashandi, a prominent scholar and renowned encyclopedist of the Arab East in the 14th and 15th centuries. It examines the main areas of study of this outstanding figure's legacy in the works of orientalists and historians in Eastern European countries. Goals and objectives. The purpose of this article is to identify the key features of the study of Al-Qalqashandi's life and work in Eastern European oriental and historical studies. To achieve this goal, the following tasks must be addressed: examining the factors that influenced Al-Qalqashandi's development as an encyclopedic scholar; reviewing the main areas of research by historians devoted to Al-Qalqashandi's works; and examining the assessments of Al-Qalqashandi's works in contemporary scholarly works. Scientific methods. The article utilizes biographical and historical-comparative methods, as well as factor analysis. These methods contribute to achieving the stated goal. Results. Having studied this issue, the author concludes that historiography utilizes Al-Qalqashandi's work in two ways. First, Al-Qalqashandi's works serve as a historical source for studying and understanding the history and culture of the Near and Middle East, as well as Central Asia. Second, Al-Qalqashandi's works are the subject of targeted source study. Conclusions. Since Al-Qalqashandi was a contemporary of many events that took place during his lifetime, his works have not only historiographical but also source study significance.

Алғыс: This article was written within the framework of project AP22682863, “Al-Qalqashandi's (15th century) work Subh al-A'sha fi Sina'at al-Insha as a source on the historical geography of the Golden Horde.

Keywords: Al-Qalqashandi, medieval authors, historiography of Eastern Europe, Russian historiography, historical geography, the Middle East, history of Egypt.

Автор туралы мәлімет:

Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызы – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми қызметкері, постдокторант «Жас ғалым», Алматы, Қазақстан

Сведения об авторе:

Жузбаева Улданай Дуйсеновна (автор-корреспондент) – PhD, научный сотрудник Казахского национального университета имени аль-Фараби, постдокторант «Жас ғалым» Алматы, Казахстан

Information about the author:

Zhuzbayeva Uldanay (corresponding author) – PhD, researcher at al-Farabi Kazakh National University, postdoctoral fellow «Zhas galym», Almaty, Kazakhstan

*Келін түсті 17 маусым 2026 жыл
Қабылданды 15 тамыз 2026 жыл*